

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қазандағы N 1077 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат):

1) 10-баптың 1-тармағында:

7) тармақшада "орналастырылу" және "сатып алу" деген сөздерден кейін "(купон есепке алынбастан)" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша алынып тасталсын;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) салық агенті - осы Кодекске сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, заңды тұлға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) жер қойнауын пайдаланушылар - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында мұнай операцияларын қоса алғанда,

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жеке және заңды т ұ л ғ а л а р ; " ;

23) тармақша "асатын" деген сөзден кейін ", сатып алу сәтіндегі құны кемінде 50 айлық есептік көрсеткішті құрайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

24) тармақшада "орналастыру" және "сатып алу" деген сөздерден кейін "(купон есепке алынбастан)" деген сөздермен толықтырылсын;

2 7) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзацтағы "осыған байланысты техникалық көмек көрсету үшін" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Өнеркәсіптік жабдыққа, сол сияқты бербоут немесе димайз чартер шарттары бойынша жалға алынатын теңіз және әуе кемелері де жатады.";

29) тармақшада "және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімше" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) 12-баптың 1-тармағының 6) тармақшасында "қайта құрылу арқылы қайта ұйымдастырылуын" деген сөздер "осы Кодекстің 69-бабы 7-тармағының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-баптың 1-тармағында "жарналарының" деген сөзден кейін "және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарының" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

4) 16-баптың 1-тармағының 5) тармақшасында "жарналарының" деген сөзден кейін "және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 1 7 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақшада "міндеттемелерін" деген сөзден кейін "және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарының толық есептелуіне және дер кезінде төлеуіне" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1) т а р м а қ ш а д а :

"мемлекеттік" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік органға толық және дер кезінде тапсырылуын" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

6) 2 9 - б а п т ы ң 7 - т а р м а ғ ы н д а :

"жағдайларды," деген сөзден кейін ", сондай-ақ акционерлік қоғамдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7) 3 2 - б а п т ы ң 4 - т а р м а ғ ы н д а :

"Акционерлік қоғамдардың" деген сөздердің алдынан "Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

"акциялардың қосымша эмиссиясын шығару" деген сөздер "жарияланған

акцияларды мәжбүрлеп шығаруы" деген сөздермен ауыстырылсын;
"орындау мерзімдері" деген сөздерден кейін "жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығаруы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 38-баптың 1-тармағында "ішінде" деген сөзден кейін ", жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар бойынша - келісім-шарт әрекетінің барлық ағымында" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 39 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 198-1-бабына сәйкес салық төлеуші резидент емеске қайтаруға жататын төленген салық сомасы да артық төленген салық сомасы болып танылады.";

2 - т а р м а қ т а :

"бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

"салық төлеушінің өтініші бойынша" деген сөздерден кейін "салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алуды жүргізетін уәкілетті органның артық төленген сомалардың бар екендігі туралы растаманы қоса бере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 40-баптың 2-тармағында:

"салықтың" деген сөз бүкіл мәтін бойынша "салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салық төлейтін жер бойынша" деген сөздерден кейін "салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алуды жүргізетін уәкілетті органның артық төленген сомалардың бар екендігі туралы растаманы қоса бере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 46-баптың 7-тармағында:

"қосымша эмиссиясы", "қосымша эмиссиясын" деген сөздер тиісінше "жарияланған акциялар мәжбүрлеп шығарылғанда," "жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 50 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Декларациялар және (немесе) есеп айырысулар бойынша, сондай-ақ салық тексеруі нәтижелері бойынша салық төлеуші есептеген салық берешегінің сомалары төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, салық органы салық төлеушінің және (немесе) дербес салық төлеуші болып табылмайтын оның құрылымдық бөлімшелерінің келісімінсіз салық берешегінің сомасын олардың банк шоттарынан мәжбүрлі тәртіппен өндіріп алуға құқылы.

Осы тармақ Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң актісіне сәйкес өндіріп алуға жол берілмейтін банк шоттарына қолданылмайды.";

5 - т а р м а қ т а :

"теңгелік банк шоттарында" деген сөздер "банк шоттарында теңгемен" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

"валюталық банк шоттарынан" деген сөздер "банк шоттарынан шетел валютасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың 2) тармақшасында "кезекте" деген сөзден кейін "клиенттің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын аудару жөніндегі міндеттемелері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 55 - бапта:

"салық төлеуші (акционерлік қоғам)" деген сөздер "салық төлеуші - жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғам" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салық органдары" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 68-баптың 2-тармағының екінші абзацы "зейнетақы жарналары" деген сөздерден кейін "және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 69 - бапта:

4-тармақ алынып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Салық төлеуші қайта ұйымдастыру, тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ол туралы салық органына жазбаша хабарлайды.

Салық төлеушіні (заңды тұлғаны) қосу, біріктіру, бөлу немесе тарату жолымен қайта ұйымдастырған кезде қайта ұйымдастырылған, таратылған әрбір салық төлеушіге салық кезеңі басталғаннан қайта ұйымдастыру немесе тарату аяқталған күнге дейін тиісінше өткізу актісінің, бөлу немесе тарату баланстарының негізінде салық есептілігі бөлек - бөлек жасалады.

Осы тармақта көрсетілген есептілік заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуына немесе таратылуына байланысты құжаттық тексеруді жүргізу туралы өтінішпен бір уақытта өткізу актісін, бөлу немесе тарату баланстарын бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады.

Заңды тұлғаны бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырумен байланысты құжаттық тексеруді жүргізу туралы өтініш бөлу балансын бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады.

Осы тармақ қайта құру, сондай-ақ басқа заңды тұлғаны біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаларға қолданылмайды.";

16) 81-баптың 2-тармағының 3) тармақшасында "келісілген өтемдер" деген сөздер "өтем бағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 82-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы "заңды тұлғаға" деген сөздерден кейін "консорциумдарға" деген сөздермен толықтырылсын;
18) 91 - баптың 1 - тармағында:

6) т а р м а қ ш а д а :

"мемлекеттік кәсіпорынның" деген сөздердің алдынан "республикалық" деген сөзбен толықтырылсын;

"немесе" деген сөзден кейін "республикалық" деген сөзбен толықтырылсын; мемлекеттік тілдегі мәтінінде 7) тармақшадағы "инвестициялық табыстар" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға жіберілген инвестициялық табыстар.";

19) 94 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "депозиттер" деген сөз "салымдар (депозиттер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сыйақы бойынша шегерім:

есепті кезең үшін салық төлеуші резидентке төлейтін сыйақы сомасы қосу меншікті капиталдың орташа жылдық сомасының міндеттемелердің орташа жылдық сомасына қатынасы, шекті коэффициент және есепті кезең үшін салық төлеуші резидентке төлейтін сыйақы сомалары ретінде есептелетін сома түрінде есептелетін сомалар шегінде жүргізіледі.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 2-тармағының мақсаттары үшін:

1) меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әрбір айының соңындағы меншікті капитал сомаларының орташа арифметикалығына тең;

2) міндеттемелердің орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әрбір айының ішінде олар бойынша сыйақы төленетін міндеттемелердің ең жоғары сомасының орташа арифметикалығына тең;

3) қаржы ұйымдары үшін шекті коэффициент 7-ге, өзге заңды тұлғалар үшін 4-ке тең . " ;

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

20) 95-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы бапта көзделген шегерімге жатқызу тәртібі осы Кодекстің 85-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған міндеттемелерді төлеу жағдайында да қолданылады.";

21) 100-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шегерімге салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын мөлшердегі:

1) уақытша еңбекке жарамсыздығына ақы төлеуге есептелген;

2) жүктілігі мен босануы бойынша демалысына ақы төлеуге есептелген;

3) өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауына байланысты мертігуіне не

денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкерге)
) келтірілген зиянды өтеуге есептелген;

4) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша есептелген шығыстары жатады.";

22) 110-баптың 1-тармағының кестесінде "Тіркелген активтердің атауы" деген бағандағы "кен байыту" деген сөздер "кен өндіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3) 1 1 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т ы ң к е с т е с і н д е :

"Амортизацияның шекті нормасы (%)" деген бағанда:

V т о б ы н д а :

6-кіші тобындағы "20" деген сан "25" деген санмен ауыстырылсын;

19-кіші тобындағы "8" деген сан "15" деген санмен ауыстырылсын;

V I I т о б ы н д а :

3-кіші тобындағы "10" деген сан "15" деген санмен ауыстырылсын;

4-кіші тобындағы "7" деген сан "10" деген санмен ауыстырылсын;

V I I I т о б ы н д а :

1-кіші тобындағы "25" деген сан "30" деген санмен ауыстырылсын;

2-кіші тобындағы "20" деген сан "25" деген санмен ауыстырылсын;

I X т о б ы н д а :

1-кіші тобындағы "8" деген сан "10" деген санмен ауыстырылсын;

4-кіші тобындағы "8" деген сан "10" деген санмен ауыстырылсын;

6-кіші тобындағы "10" деген сан "15" деген санмен ауыстырылсын;

24) 111-баптың 2-тармағындағы "100" деген сан "300" деген санмен ауыстырылсын;

2 5) 1 1 3 - б а п т а :

2, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әрбір топ бойынша негізгі құралдарды жөндеуге арналған нақты шығыстар сомасы салық кезеңінің соңында топтың құндық балансынан белгіленген мынадай ш е к т е ш е г е р і л е д і :

Т о п	Ш е к т і н о р м а с ы
N	Т о п т ы ң а т а у ы (%)
I	Үйлер, құрылыстар 15
II	Ғимараттар 15
III	Табыстау құрылғылары 15
IV	Күш машиналары мен жабдықтары 25
V	Қызмет түрлері бойынша жұмыс машиналары мен жабдықтары (ұтқыр

	көліктен басқа)	2 5
VI	Басқа машиналар мен жабдықтар	
	ұтқыр көліктен басқа	2 5
VII	Ұтқыр көлік	2 5
VIII	Компьютерлер, шеткері құрылғылар	
	мен деректері өңдеу жөніндегі жабдықтар	20
IX	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген	
	активтер	1 5

Көрсетілген шектен асатын кеткен сома тиісті кіші топтың құндық балансын нақты шығыстарға тепе-тең арттырады.

4. Осы баптың 1-бабында көрсетілген, жалдаушы жалға алынатын негізгі құралдарға қатысты жүргізген және жалдау шартына сәйкес жалға беруші өтемеген шығыстар осы бапта айқындалған тәртіппен шегерімге жатқызылуға тиіс."; мынадай мазмұндағы 5, 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Егер осы баптың 4-тармағында көрсетілген шығыстар осы бапқа сәйкес шегерімге жатқызылмаған жағдайда, мұндай шығыстар жалға алушыда тиісті жекелеген амортизациялық кіші топтар құрады және осы Кодекстің 107-бабымен айқындалған тәртіппен жалдау шартының қолданылу мерзімінің ішінде амортизациялық аударымдар түрінде жылдық жиынтық табыстан шегеріледі. Жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталған соң жалға алушы тиісті кіші топтың құндық балансын шығарып тастайды.

6. Инвестициялық жобаның шеңберінде пайдалануға берілген негізгі құралдарды жөндеуге арналған нақты шығыстардың сомасы кіші топтың тиісті құндық балансын ұлғайтады. " ;

26) 120-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жалпы белгіленген тәртіппен салық салуға жататын кірістерді алу кезінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс коммерциялық емес ұйымдар шығыстарының сомасы шығыстардың жалпы сомасында коммерциялық емес ұйым кірістерінің жалпы сомасында осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген кірістердің үлес салмағын ескере отырып, тепе-теңдік әдіс бойынша анықталады.";

27) 122-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Қызметінің айрықша түрі ауыл шаруашылығы саласында микрокредит беру болып табылатын микрокредиттік ұйымдар салық салынатын кірісті қызметтің осы түрінен алынған кірістердің сомасына азайтады.";

2 8) 1 2 6 - б а п т а :

2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салық кезеңі ішінде төленетін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын салық төлеуші ағымдағы салық кезеңі үшін корпоративтік табыс

салығының болжамды сомасын ескере отырып, бірақ егер осы бапта өзгеше көзделмесе, өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде аванстық төлемдердің орташа айлық есептелген сомаларынан төмен емес есептеп шығарады.

3. Өткен салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген нақты салық міндеттемесі сомасы өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебіндегі аванстық төлемдер сомаларынан асып кеткен кезде, салық төлеуші өткен салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген нақты салық міндеттемесі мөлшерін ескере отырып, декларация тапсырғаннан кейінгі кезең үшін аванстық төлемдер сомаларын есептеуге м і н д е т т і . " ;

5-тармақтағы "есепті жылдан кейінгі жылдың" деген сөздер "есепті салық кезеңінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Салық төлеуші салық кезеңі ішінде декларация тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомаларын қоспағанда, салық кезеңінің алдағы айлары үшін аванстық төлемдер сомаларының түзетілген есептемесін беруге құқылы. Аванстық төлемдердің сомаларын кеміту жағына түзеткен кезде салық органдарына ж а з б а ш а ө т і н і ш б е р у қ а ж е т . " ;

29) 127-баптың 1-тармағындағы "Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе," деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

30) 128-бап алынып тасталсын;

31) 129-баптың 3-тармағында:

"ұсталған" деген сөзден кейін "және (немесе) төленген" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"резидент" деген сөз "резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 130-бапта:

1-тармақтағы "табысының резидентке қатысты осы бөлігі" деген сөздер "пайдасының резидентке қатысты бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Пайданың бір бөлігі Қазақстан Республикасы резидентінің салық салынатын табысына қосылатын жеңілдігі бар салық салу елінде орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес заңды тұлға пайдасының жалпы сомасы резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталуы тиіс.";

33) 131-бапта:

1 - т а р м а қ т а :

4) тармақша "айқындалатын," деген сөзден кейін ", осындай резидент еместердің тұрақты мекемесіне қатысы жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті органның лицензиясы негізінде заемдық операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға төленетін кредиттер (заемдар) бойынша сыйақыны және резидент банктер мен лизинг берушілерге төленетін сыйақыны қоспағанда, заңды тұлғаларға борыштық бағалы қағаздар бойынша төленетін сыйақыдан басқа төленетін сыйақы";

1-1-тармақтың 2) тармақшасы "зейнетақы қорларына" деген сөздерден кейін "және орналастырылған активтер бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы ", коммерциялық емес ұйымдарды және әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды" деген сөздер "әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды және депозиттер жөніндегі сыйақылар бойынша коммерциялық емес ұйымдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 135-баптың 3-тармағында "сәйкес айқындалатын" деген сөздерден кейін ", осындай резидент еместердің тұрақты мекемесіне байланысы жоқ," деген сөздермен толықтырылсын;

35) 139-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"келісім-шартты жасасу сәтінде шаруашылық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер - тіркелген активтер пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастан";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Корпоративтік табыс салығы бойынша преференциялар салық төлеушіге жиынтық жылдық табыстан осы Кодекстің 107-бабы 1-тармағының 1)-8) тармақшаларында көрсетілген, амортизацияға жатпайтын тіркелген активтерді қоспағанда, инвестициялық жобалар шеңберінде пайдалануға берілген тіркелген активтердің құнын преференциялардың қолданылу мерзіміне қарай теңдей үлестермен шегерімге жатқызуға құқық береді.";

36) 140-1-баптың 1-тармағындағы "осы Кодекстің мақсаттары үшін" деген сөздер "егер өзге де осы Кодексте көзделмесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) мынадай мазмұндағы 22-2-тараумен, 140-4, 140-5, 140-6-баптармен толықтырылсын:

"22-2 тарау. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын шаруашылық субъектілеріне салық салу"
"140-4-бап. Жалпы ережелер

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға мынадай шарттарға бір уақытта сәйкес келетін ұйымдар жатады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қызметтің басым түрлерінің тізбесіне енгізілген қызметтің мынадай түрлері бойынша құрылыс объектілерін сатуды

қоса алғанда, өзі өндіретін тауарларды сатудан алуға жататын (алынған) кірістерді құрайтын жиынтық жылдық кірістің кемінде 90 процентін:

х и м и я ө н е р к ә с і б і ;
резеңке және пластмасса бұйымдарын шығару;
өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру;
металлургия ө н е р к ә с і б і ;
дайын металл бұйымдарын шығару;
машиналар мен жабдықтар шығару;

2) "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органында тіркеу есебінде тұрады;

3) "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағынан тыс жерлерде орналасқан жері бойынша заңды тұлға функцияларының бір бөлігін орындайтын тұрақты жұмыс орындары жабдықталған құрылымдық бөлімшелер мен кез келген аумақтық оқшауланған бөлімшелері болмайды. Егер жұмыс орны бір айдан артық мерзімге құрылса, ол тұрақты болып табылады.

2. "Ақтау, теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға:

жер қойнауын пайдаланушылар;
акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар;
арнайы салық режимдерін қолданатын ұйымдар жатпайды.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызметтің түрлерінен алынатын кірістерге алынған (алынуға жататын) кірістерді жатқызу уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша өнеркәсіпті және сәулетті, қала құрылысын және құрылысты басқару саласында уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысанда берілген "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы атқарушы органның растауының негізінде жүзеге асырылады.

140-5-бап. Салықтарды есептеу, төлеу тәртібі және мерзімдері

1. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды есептеуі осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген ерекшеліктері ескере отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Бюджетке төленуге тиісті корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде корпоративтік табыс салығының осы Кодекстің 125-бабына сәйкес есептелген сомасы 100 процентке азайтылады.

Осы тармақта көзделген салық сомасын кеміту осы Кодекстің 126-бабына сәйкес айқындалатын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеу кезінде де қолданылады.

3. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан және осы Кодекстің 140-4-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызмет

түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша:

1) жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициенті;

2) мүлік салығын есептеу кезінде салық салу объектілерінің жылдық орташа құнына 0 проценттік ставка қолданылады.

140-6-бап. Салық кезеңі және салық есептілігі

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық кезеңі, салық есептілігін беру тәртібі мен мерзімдері осы Кодекске сәйкес айқындалады.";

38) 144 - бапта :

1 - тармақта :

"еңбекақы төлеуге байланысты төлемдерді қоспағанда," деген сөздер алынып тасталсын ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу (жоғалтқан жалақысы бөлігінде өтеуден басқа);" ;

6) тармақшада "ішкі істер органдарының" деген сөздерден кейін ", қылмыстық-атқарушы жүйе органдары мен мекемелерінің" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

"26-1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;" ;

2 - тармақ алынып тасталсын ;

39) 147-баптың 2-1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздер "олардың орналасқан жері бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын ;

40) 152 - бапта :

1 - тармақ :

мынадай мазмұндағы 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген мөлшердегі жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары;

6) тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген 5 еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде өмірі мен денсаулығын жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жеке тұлға өзінің пайдасы үшін енгізетін сақтандыру сыйақылары.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жарты айдан аз жұмыс істеген қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысын анықтау кезінде осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айлық есепті көрсеткіштердің мөлшерінде шегерімдер жүргізілмейді.";

41) мынадай мазмұндағы 153-1-баппен толықтырылсын:

"153-1-бап. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар кірістерінің жекелеген түрлерінен жеке табыс салығын есептеудің және төлеудің тәртібі

1. Осы Кодекстің 178-бабының 14), 16), 17) тармақшаларында көрсетілген Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар кірістерінен жеке табыс салығын есептеуді, төлеуді, сондай-ақ салық есептілігін беруді осы Кодекстің 137-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттарды орындау кезінде Осы Кодекстің 152-бабында белгіленген салық шегерімдерін ескере отырып, осы Кодекстің 187-1, 188-баптарына сәйкес салық агенті жүргізеді.

2. Осы Кодекстің 187-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар орындалмаған кезде осы баптың 1-тармағында көрсетілген жеке тұлғалар-резиденттер кірістерінен жеке табыс салығын есептеуді, ұстауды және төлеуді осы Кодекстің 147 және 153-баптарына сәйкес салық агенті жүргізеді.

3. Осы баптың 1-тармағына қарамастан, салық агенті осы Кодекстің 147 және 153-баптарына сәйкес жеке тұлғалар-резиденттер кірістерінен жеке табыс салығын есептеуді, ұстауды және төлеуді жүргізуге құқылы.

4. Жеке табыс салығын есептеудің және төлеудің таңдап алынған тәртібі салық кезеңінің ішінде өзгертілмеуі тиіс.";

42) 164-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) резидент болып табылатын әрі Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырудан төлем кезінде жеке табыс салығы салынбайтын кіріс алатын шет мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар жеке табыс салығын аванстық төлемдерді енгізу арқылы төлейді.

Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеу және төлеу, сондай-ақ салық кезеңі ішінде салық есептілігін беруді осы Кодекстің 126 және 127-баптарына сәйкес осы тармақтың 1) тармақшасымен айқындалған тұлға жүргізеді.

Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеуді және төлеуді, сондай-ақ салық есептілігін беруді осы Кодекстің 191-192-баптарында белгіленген тәртіп пен мерзімдерде салық кезеңі ішінде осы тармақтың 2) тармақшасымен айқындалған тұлға жүргізеді.";

43) 169-баптағы "79-124" деген сандардан кейін ", 130" деген санмен толықтырылсын;

44) 170-бапта "оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден алынған табыстар" деген сөздер "сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі кездерден алынған табыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 171-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) осы Кодекстің 144-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген кірістері

олар үшін белгіленген салық салынбайтын шектен асқан жеке тұлғалар.";

46) 173-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"173-бап. Шет ел салығын есепке алу

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының тысқары жерлерде төленген жеке табыс салығының сомалары осы Кодекстің 129-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке алынады.

Салықтың есепке алынатын сомасының мөлшері осы Кодексте белгіленген жеке табыс салығының ставкасын қолдана отырып осы кірістен Қазақстан Республикасында есептелетін салық сомасынан аспауы тиіс.";

4 7) 1 7 7 - б а п т а :

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) "уәкілетті тұлға арқылы Қазақстан Республикасында сақтандыру немесе қайта сақтандыру тәуекелін жүзеге асырса";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасының аумағындағы өзге де заңды тұлғаға, оның ішінде тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асыратын резидент емеске жұмыс істеуі үшін шетелдік персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсететін резидент емес мынадай шарттарды бір мезгілде орындаған кезде Қазақстан Республикасындағы осындай қызметтер бойынша тұрақты мекемені құра алмайды:

егер мұндай персонал тек оған берілген заңды тұлғаның атынан және оның мүдделерінде әрекет етсе;

шетелдік персоналды ұсыну бойынша қызмет көрсететін резидент емес Қазақстан Республикасында орындалатын осындай персоналдың жұмыс нәтижелеріне жауап бермейді;

персоналды ұсыну бойынша қызмет көрсетуден алынатын резидент еместің кірісі оған берілген заңды тұлғаның атынан және оның мүддесінде өз міндеттерін шетелдік персоналдың орындау уақытын ескере отырып анықталады және осындай персоналды беру бойынша резидент емес шығындарының жалпы сомасының 10 проценттен аспауы тиіс."

4 8) 1 7 8 - б а п т а :

2) тармақшада "маркетингтік" деген сөз алынып тасталсын;

3) тармақшадағы үшінші абзац "резидент-заңды тұлғаға" деген сөздерден кейін "консорциумға" деген сөзбен толықтырылсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) тұлғаларға резидент заңды тұлғаға қатысты жүктелген басқару міндеттерін орындаумен байланысты басшылардың қаламақылары және (немесе) жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте осындай тұлғалардың басқару

міндеттемелерін нақты орындаған жердің мәні жоқ;"

4 9) 1 7 9 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қолма-қол және (немесе) қолма-қол емес нысандарда ақша, бағалы қағаздар, қатысу үлесін, тауарлар, мүлік беру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету резидент емес қарыз алушының борышын талап етуін есептен шығару немесе есепке алу табысты төлеу деп түсініледі.";

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақша "жүзеге асыруға" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ халықаралық төлем карточкалары арқылы есеп айырысуды жүзеге асыруға;" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Осы кодекстің 198-бабына сәйкес резидент еместердің шартты банк салымдары бойынша сыйақылары жатпайды.";

50) 183-баптың 1-тармағы "мемлекеттік бағалы қағаздарды" деген сөздерден кейін " және агенттік облигацияларды" деген сөздермен толықтырылсын";

5 1) 1 8 6 - б а п т а :

бірінші бөлігі "20 проценттік ставка бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Салық органында резидент емес заңды тұлғаның тіркелуін растау Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші куәлігінің нотариалды расталған көшірмесі болып табылады.";

52) мынадай мазмұндағы 187-1-баппен толықтырылсын:

"187-1-бап. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде төленетін көздерден резидент емес жеке тұлғалар кірістерінің жекелеген түрлерінен жеке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі

1. Осы Кодекстің 178-бабының 14), 16), 17) тармақшаларында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар кірістерінен жеке табыс салығын есептеу және төлеу мынадай шарттарды бір мезгілде орындаған кезде осы баптың ережелеріне сәйкес жүргізіледі:

1) жұмыс беруші тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға болып табылады, ол осы Кодекстің 10-бабына сәйкес салық агенті болып табылады;

2) жеке еңбек шарты (келісім-шарт, келісім) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген резидент емес жеке тұлға және салық агенті арасында жасалды;

3) резидент емес жеке тұлғаға кірістерді төлеу Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүргізіледі.

2. Резидент емес жеке тұлғаның кірістерінен жеке табыс салығын есептеу осы

Кодекстің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы қолдана отырып, салық шегерімдерін есепке алмай жеке еңбек шартында (келісім-шартта, келісімдерде) көрсетілген резидент емес жеке тұлғаның кіріс сомасынан бірінші салық кезеңі үшін салық агенті жүргізеді.

Алдағы салық кезеңдеріне жеке табыс салығын ағымдағы салық кезеңі үшін жеке табыс салығының болжамды сомасын ескере отырып, өткен салық кезеңіне шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен жеке табыс салығы есебінде көрсетілген резидент емес жеке тұлғаның нақты салық міндеттемесі сомасын негізге ала отырып нәтижесінде салық агенті есептейді.

3. Жеке табыс салығын төлеуді ағымдағы айдың 20 күнінен кешіктірмей ай сайын салық кезеңінің ішінде аванстық төлемдерді тең үлестермен енгізу арқылы салық агенті жүргізеді.

Салық кезеңінің ішінде салық агенті төлеуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомалары шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығы жөніндегі аванстық төлемдер сомасының есебінде көрсетіледі.

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығы жөніндегі аванстық төлемдер сомасының есебін осы Кодекстің 188-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей өзінің тіркелген жері бойынша салық органына салық агенті береді.

4. Салық кезеңінің ішінде енгізілген резидент емес жеке тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомалары салық кезеңі үшін есептелген резидент емес жеке тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығының төлеу шотына есептеледі.

5. Салық агенті салық кезеңінің қорытындылары бойынша Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығының есебін тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей салық кезеңінің қорытындылары бойынша резидент емес жеке тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығының түпкілікті есебін (төлеуді) жүзеге асырады.

Салық кезеңінің қорытындылары бойынша Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығының есебін осы Кодекстің 188-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей өзінің тіркелген жері бойынша салық органына салық агенті береді.

6. Салық агенті салық кезеңінің алдағы айларына Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығы жөніндегі аванстық төлемдердің түзетілген есебін салық органына салық кезеңінің ішінде беруге құқылы. Резидент емес жеке тұлғаның кірістерінен алынатын жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомаларын азайту жағына қарай түзету кезінде салық агенті салық органына жазбаша өтініш беру қажет.

7. Осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар орындалмаған кезде резидент емес жеке тұлғаның кірістерінен алынатын жеке табыс салығын есептеуді, ұстауды және төлеуді осы Кодекстің 187-бабына сәйкес салық агенті жүргізеді.

8. Осы баптың 1-тармағына қарамастан салық агенті осы Кодекстің 187-бабына сәйкес резидент емес жеке тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығын есептеуді, ұстауды және төлеуді жүргізуге құқылы.

9. Жеке табыс салығын есептеудің және төлеудің таңдап алынған тәртібі салық кезеңінің ішінде өзгертілмеуі тиіс.";

53) 188-бап мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Осы Кодекстің 187-1-бабына сәйкес жеке табыс салығын есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері өздері тіркелген жері бойынша салық органдарына олардың Қазақстан Республикасына келуі күнінен бастап жиырма бес жұмыс күннен кешіктірмей және келесі салық кезеңдеріне күнтізбелік жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығы жөніндегі аванстық төлемдер сомасының есебін беруге м і н д е т т і .

Салық кезеңінің қорытындылары бойынша Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен алынатын жеке табыс салығының есебін осы Кодекстің 187-1-бабына сәйкес өзі тіркелген жері бойынша салық органына салық агенті есепті салық кезеңінен кейінгі келесі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей береді.";

5 4) 1 9 0 - б а п т а :

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бапқа сәйкес резидент емес жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстарының мынадай түрлері:

Осы Кодекстің 191-бабына сәйкес салық салынуға жататын табыстарды қоспағанда, осы Кодекстің 10-бабына сәйкес салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан а л ы н ғ а н т а б ы с т а р ;

қор биржасында сатылатын күні "А" және "В" ресми тізімдеріндегі акциялар мен облигацияларды, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды қоспағанда, резидент еместер шығарған бағалы қағаздарды сату кезіндегі құн өсімінен түскен кірістерді салық салынуға жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалардың кірістері осы Кодекстің 180-бабымен белгіленген ставкалар бойынша шегерімдерді жүзеге асырусыз салық салынуға жатады.";

5 5) 1 9 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "Қазақстан" деген сөздің алдынан "Осы Кодекске сәйкес арнайы салық режимдерін қолданатын тұлғаларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақтағы "14)-17)" деген сандар "14), 16), 17)" деген сандармен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Түпкілікті есеп айырысу және жеке табыс салығын төлеу салық кезеңі үшін жеке табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгілеген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.";

56) 192-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 191-бабында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар осы Кодекстің 527-бабымен белгіленген тіркелу күнінен бастап жиырма бес жұмыс күнінен кешіктірмей және келесі жылдары күнтізбелік жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей қызметін жүзеге асыру кезеңіндегі жеке табыс салығының болжамды сомасы туралы мәлімдемені тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етуге міндетті.

2 . М ы н а д а й :

- 1) осы Кодекстің 191-бабының 1-тармағында көрсетілген;
- 2) осы Кодекстің 190-бабының 1-тармағымен белгіленген табыстар алатын;
- 3) Қазақстан Республикасында отыз күнтізбелік күннен астам уақыт кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын және салық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасындағы көздерден 500 айлық есептік көрсеткіштен астам кіріс алатын резидент емес жеке тұлғалар осы Кодекстің 172-бабымен белгіленген мерзімнен кешіктірмей тіркелген жері бойынша салық органдарына жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс е т е д і . " ;

5 7) 1 9 8 - б а п т а :

баптың атауы "салығын" деген сөзден кейін "Шартты банк салымдары арқылы" деген сөздермен толықтырылсын";

7-тармақта "орындау кезінде" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасында жұмыстардың (көрсетілген қызметтер) орындалуына қарай және" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

8-тармақ "Салық органы" деген сөздерден кейін "мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мерзімнен кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын";

10-тармақта "күннен бастап" деген сөздерден кейін "не белгіленген мерзім өтісімен салық органы шешімінің болмауын" деген сөздермен толықтырылсын;

58) мынадай мазмұндағы 198-1-баппен толықтырылсын:

"198-1-бап. Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарынан төленген табыс салығын мемлекеттік бюджеттен қайтару тәртібі

1. Тиісті халықаралық шартты қолдануға құқығы бар резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарынан мемлекеттік бюджетке табыс салығы төленген жағдайда мұндай резидент еместің осы Кодекстің 38-бабында белгіленген талап қоюдың ескірмеген мерзімі ішінде мемлекеттік бюджеттен төленген табыс салығын қайтаруға құқығы бар.

Бұл ретте резидент емес салық агентін тіркелген жері бойынша салық органына халықаралық шартты қолдануға өтініш береді.

2. Салық органы мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мерзімнен кешіктірмей өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген ақпарат шынайы болған жағдайда резидент емеске осы Кодекстің 40-бабымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен табыс салығы сомасын қайтаруды жүргізеді.

3. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану заңсыз жағдайда салық органы резидент емеске негізделген бас тартуды жібереді.

4. Салық органының бас тартуды келіспеген жағдайда резидент еместің мұндай, шешім алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде не белгіленген мерзім өткеннен кейін бойынша салық органының шешімі болмаған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органға (қажет болған жағдайда резиденттік елінің құзыретті органын тартып) халықаралық шарттардың ережелерін қолданудың заңдылығына қатысты мәселені қайта қарау туралы өтінішпен жүгінуге құқығы бар.";

59) 200-баптың атауы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"200-бап. Халықаралық шартты резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кірістерінің жекелеген түрлеріне салық салуға қатысты қолдану тәртібі

1. Салық агенті кірістерді резидент емеске төлеу сәтінде резидент емес ұсынған резиденттікті растаушы құжат негізінде халықаралық шарттың ережелерін қолдануға резидент еместің өтініш беруінсіз, егер осындай резидент емес кірістерді соңғы алушы болып табылса және халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар болса, халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы.

Осы бапта белгіленген халықаралық шарттарды қолдану тәртібі резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерінің мынадай түрлеріне:

1) д и в и д е н д т е р г е ;

2) с ы й а қ ы л а р ғ а (п р о ц е н т т е р г е) ;

3) р о я л т и г е ;

4) сенімгерлік басқару мен кастодиалдық қызмет көрсету үшін комиссияларға;

5) осы Кодекстің 178-бабының 2) тармақшасында көрсетілген, ол бойынша жұмыстарды Қазақстан Республикасының аумағында осы резидент емес орындайтын келісім-шарттармен (жобалармен) байланысты емес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде айрықша қызмет көрсетуден алынатын кірістерге;

6) осы Кодексте халықаралық шарттарды қолдану жөніндегі әкімшілік рәсімдер белгіленбеген халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға жататын Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған өзге де кірістерге салық салуға қатысты қолданылады.";

60) 201-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"201-1-бап. Халықаралық шартты резидент емес жеке тұлғаның

Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған
кірістеріне салық салуға қатысты қолдану тәртібі

1. Салық агенті Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерді резидент емес жеке тұлғаға төлеу сәтінде, егер мұндай резидент емес жеке тұлға кірістердің түпкілікті алушысы болып табылса және халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы болса, резиденттікті растайтын құжаттың негізінде халықаралық шарттың ережелерін қолдануға резидент емес жеке тұлғаның өтініш беруінсіз тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар.

Салық агенті салық органына берілетін төлем көзінен табыс салығы жөніндегі есепте халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төленген (есептелген) және салық төлеуден босатылған кірістердің сомаларын, табыс салығының ставкаларын және халықаралық шарттардың атауын көрсетуге міндетті.

Мемлекеттік бюджетке салықты төлемеуге немесе толық төлемеуге әкеп соқтырған халықаралық шарттың ережелерін заңсыз қолданған кезде салық агенті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

2. Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер алатын, төлем көзінен салық салынбайтын резидент емес жеке тұлға осы шарттың талаптарын орындау кезінде халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы.

Бұл ретте резидент емес жеке тұлға осы Кодекстің 527-бабында белгіленген тіркеу күнінен бастап жиырма бес жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеу орны бойынша салық органына не осы Кодекстің 172-бабында белгіленген жеке табыс салығы бойынша декларация тапсыру мерзімінен кешіктірмей халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатылуға жататын, осы Кодекстің 190-бабында көрсетілген кірістерді алған жағдайда резиденттікті растайтын құжатты беруге міндетті.

Резидент емес жеке тұлға резиденттікті растайтын құжатты бермеген кезде осы тармақта көрсетілген мерзімнің ішінде Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған резидент емес жеке тұлғаның кірістері осы Кодексте белгіленген тәртіппен с а л ы қ с а л у ғ а ж а т а д ы .

Бұл ретте Қазақстан Республикасында тиісті халықаралық шартты қолдануға құқығы бар көздерден резидент емес жеке тұлға алған кірістерден мемлекеттік бюджетке табыс салығын төлеген жағдайда, мұндай резидент емес осы Кодекстің 198-1 -бабында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен төленген табыс салығын қ а й т а р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р . " ;

61) 202-бап алынып тасталсын;

62) 209-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі "есепке қою туралы куәлігі" деген сөздерден кейін "мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген тәртіппен атауы өзгерген соң 10 жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

63) 210-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда берілсін:

"Салық органы қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын және осы Кодексте оларды беру мерзімдері белгіленгеннен кейін алты айлық кезеңнің ішінде салық есептілігін бермеген тұлғаны тапқан жағдайда, қосылған құн салығы бойынша есептен шығаруды қосылған құн салығын төлеушіні хабардар етпестен, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен салық органы жүргізеді.";

64) 220-бап "сондай-ақ" деген сөзден кейін "импортқа" деген сөзбен толықтырылсын;

65) 223-баптың 1-тармағында:

2) тармақшаның бірінші бөлігі "органының белгісі соғылған" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгісі соғылған" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшаның үшінші бөлігі мынадай редакцияда берілсін:

"3) тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы баршылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның, магнит жеткізгіште тауардың және оның авторлығына құқықтардың болуы, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда оның құнын растау тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.";

66) 225-бапта:

2) тармақшада "акциздік алым маркалары" деген сөздер "акциздік маркалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінінде 14) тармақшадағы "айналымдар" деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) ұлттық валюта";

67) 227-баптың 2-тармағында:

5) тармақша "зейнетақы активтерін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларының активтерін";

68) 230-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"230-бап. Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстарын іске асыру бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстары деп көмірсутекті және минералдық шикізат кен орындарын (кендерін) іздігіруді, барлауды, бағалау мен игеруге дайындауды қамтамасыз ететін, өзара байланысты, белгілі бір кезекпен қолданылатын жұмыстардың жиынтығы ұғынылады.

Босату мыналардың:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалған жер қойнауын пайдалануға ;

жер қойнауы учаскелерінде (геологиялық бұруларда) барлау жөнінде жұмыстарды

ж ү р г і з у г е ;

барлау жүргізу кезеңінде жер қойнауы учаскелерінде (геологиялық бұруларда) бірлескен барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған к е л і с і м - ш а р т т ы ң ;

мемлекеттік геологиялық жер қойнауын зерделеуді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарға мемлекеттік сатып алу туралы шарттың шеңберінде салық төлеуші (мердігер, қосалқы мердігер) жүзеге асыратын геологиялық барлау және геологиялық-ізвестіру жұмыстарына қатысты қолданылады.

Геологиялық барлау және геологиялық-ізвестіру жұмыстары нақты түрлерінің, сондай-ақ геологиялық барлау және геологиялық-ізвестіру жұмыстарының құрамдас бөлігі болып табылатын арнайы жұмыстардың жекелеген түрлерінің тізбесі, олардың көлемі және құны геологиялық объектіні зерттеу мақсаты мен оның ерекшеліктерін, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерді, геологиялық барлау және геологиялық-ізвестіру жұмыстарын жүргізуге қойылатын геологиялық-әдістемелік талаптарды, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды ескере отырып, әрбір геологиялық (ғылыми-геологиялық) объектіге жобалау-сметалық құжаттамада анықталады.";

69) 235-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "іс-жүзінде енгізілген" деген сөздер "төленген" деген сөзбен ауыстырылсын;

70) 236-баптың 4) тармақшасындағы "тауарлармен" деген сөз "тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) және" деген сөздермен ауыстырылсын;

71) 241-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қаржылық лизингке мүлікті берген кезде есепке жатқызудың тепе-тең әдісін пайдаланатын лизинг беруші қаржылық лизингке мүлікті берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомасын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдануға құқығы бар.";

7 2) 2 4 9 - б а п т а :

4-тармақтың екінші бөлігінде "қуаттарын" деген сөз "үй жайларын" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6-тармақтың бірінші бөлігінде "тауарларға" деген сөзден кейін "(жұмыстарға, қызмет көрсетуге)" деген сөздермен толықтырылсын;

73) 251-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "тоқсан ішінде" деген сөздер " әрбір үш айы үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 4) 2 5 2 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "(жұмыстар, қызмет көрсетулер)" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "басқа салықтар" деген сөздер "аталған және басқа да салықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "басқа" деген сөз алынып тасталсын;

75) 257-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы алынып тасталсын;

76) 259-баптың 1-тармағының 7) тармақшасында "акциз алымы маркаларының" деген сөздер "акциздік маркалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

77) 260-баптың 6-тармағында "акциз алымы маркалары" деген сөздер "акциздік маркалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

78) 264-бапта "акциз алымы маркалары", "акциз алымының (бүлінген немесе жоғалған (оның ішінде ұрланған) маркалары", "акциз алымының бүлінген немесе жоғалған маркалары" деген сөздер тиісінше "акциздік маркалар", "бүлінген немесе жоғалған (оның ішінде ұрланған) акциздік маркалар", "бүлінген немесе жоғалған акциздік маркалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

79) 277-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "акциздік алымы маркаларын" деген сөздер "акциздік маркаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

80) 279-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"279-бап. Осы бөлім реттейтін қатынастар

1. Осы бөлім мұнай операцияларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салудың ерекшеліктерін реттейді және жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнайы төлемдерін:

1) үстеме пайда салығын;

2) экспортталатын шикі мұнайға ренталық салықты;

3) жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдерін:

а) бонустарды (қол қойылатын, коммерциялық табу);

б) роялтиді;

в) өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу мен төлеу тәртібін белгілейді.

Осы Кодекстің мақсатында "жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар", "мұнай операциялары", "мұнай" және "келісім-шарттық аумақ" ұғымдарының Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар туралы және мұнай туралы заңдарында айқындалған маңызы бар.

2. Мұнай операцияларын қоса алғанда жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу жөніндегі қызмет осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салынуға жатады."

81) 280-бап алынып тасталсын;

82) 282-бапта:

атауы және 1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"282-бап. Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салу";

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерді есептеу оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер пайда болу сәтінде қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Міндетті салық сараптамасын өткен жер Қазақстан Республикасының Үкіметі

немесе Құзыретті орган және отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда айқындалған салық салу шарттары олардың қолданылуының белгіленген бүкіл мерзімі ішінде сақталады ж ә н е қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы Кодекстің 283-бабында көрсетілген екінші модель бойынша салық салу шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен бекітілген өнімді бөлу туралы келісім-шартта ғана айқындалады.

Өнімді бөлу туралы келісім-шартпен белгіленген салық салу шарттары келісім-шартқа қол қою (бекіту) күніне әрекет ететін жеке және заңды тұлғалардың салық және бюджетке төленетін басқа да, міндетті төлемдерді төлеуін реттейтін салық заңнамасының ережесімен сәйкес болуы тиіс.

Салық сараптамасын жүргізген күннен және өнімді бөлу туралы келісім-шартқа қол қойған күннен басталған кезеңде салық заңдары өзгерген кезде салық режимі қайтадан жүргізілген сараптамамен сол өзгерістермен сәйкес келтірілуі тиіс.

4. Өнімді бөлу туралы бір келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдалану бірнеше салық төлеушілермен жүзеге асырылатын жағдайда келісім-шартта белгіленген салық режимі, олардың барлығы үшін ортақ болып табылады.

Б ұ л р е т т е :

1) по деятельности, осуществляемой в рамках такого контракта, налогоплательщики в целях налогообложения обязаны вести единый консолидированный учет и выплачивать все налоги и платежи, установленные контрактом;

РҚАО-ның ескертуі: 1)-тармақшаның мемлекеттік тілдегі аудармасы болмағандықтан мәтін орыс тілінде беріліп отыр.

2) келісім-шартпен белгіленген салықтар бойынша бір келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар-бейрезиденттер осы Кодекстің 184-186-баптарына сәйкес салық салуға жатады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелері есептеу және осы келісім-шарт шеңберінен тыс қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу үшін бөлек есеп жүргізуге міндетті.

Осы ереже кеңінен тараған пайдалы қазбалар мен (немесе) жерасты суларын өндіру жөніндегі келісім шарттарға таратылмайды.";

8 3) 2 8 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "келісім-шарттардың негізгі түрлеріне қарай" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1) т а р м а қ ш а д а :

"барлық түрлерін" деген сөздер алынып тасталсын;

"бірінші" деген сөздің алдынан "өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

"басқа:" деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"экспортталатын шикі мұнайға ренталық салық;"

екінші абзац "мен басқа да пайдалы қазбаларға" деген сөздер "газ конденсатын қоса"
" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3, 4-тармақтары алынып тасталсын;

8 4) 2 8 5 - б а п т а :

бас тақырыпта "кезде" деген сөзден кейін "өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Жер қойнауын пайдаланушыларға жасалған" деген сөздер "Өнімді бөлу туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "Жер қойнауын пайдаланушыларға жасалған" деген сөздер "Өнімді бөлу туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Келісім-шартта" деген сөздер "Өнімді бөлу туралы келісім-шартта" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 5) 2 8 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"жасаған" деген сөзден кейін "өнімді бөлу туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

"салық режимін" деген сөздер "салық салу шартын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 - т а р м а қ т а :

"салық салу режимі" деген сөздер "салық салу шарттары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"режимі" деген сөзден кейін "өнімді бөлу туралы" деген сөздермен толықтырылсын ;

8 6) 2 8 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленген мөлшерлерде және тәртіппен ақшалай нысанда төленеді" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;

8 7) 2 8 8 - б а п т а :

1-тармақтағы "және келісім-шарт жасалған кезде белгіленеді" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшерін жер қойнауын пайдалануға құқық алуға өткізілген Инвестициялық бағдарламалар конкурсының нәтижелері бойынша Конкурстық комиссиясы белгілейді, бірақ бастапқы мөлшерлерден төмен болмауы

к е р е к . " ;

8 8) 2 8 9 - б а п т а :

"төленуге тиіс" деген сөздер "төленеді" деген сөздермен ауыстырылсын;
"келісім-шартта белгіленген мерзімде, бірақ" деген сөздер алынып тасталсын;

8 9) 2 9 1 - б а п т а :

баптың атауындағы "белгілеу" деген сөз "төлеу" деген сөзбен ауыстырылсын;
2-тармақтағы "белгіленеді" деген сөз "төленеді" деген сөзбен ауыстырылсын;
3-тармақтағы "белгіленбейді" деген сөз "төленбейді" деген сөзбен ауыстырылсын;

9 0) 2 9 2 - б а п т а :

2-тармақтағы "биржалық бағасын негізге ала отырып белгіленеді" деген сөздер "
Халықаралық (Лондон) биржасында белгіленген биржалық баға бойынша есептеледі"
деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Коммерциялық табу бонусы есептеу базасының, 0,1 проценті ставка бойынша
т ө л е н е д і . " ;

91) 293-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"293-бап. Коммерциялық табу бонусы осы мақсаттар үшін мемлекеттік орган
уәкілеттік берген пайдалы қазбалардың қорларын бекіткен күннен бастап 90 күннен
к е ш і к т і р м е й т ө л е н е д і . " ;

9 2) 2 9 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "өндірілетін" деген сөзден кейін "және (немесе) өтелетін қорлардың"
деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Роялти, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақшалай
н ы с а н д а т ө л е н е д і . " ;

3-тармақтағы "Келісім-шарт бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

93) 297-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"297-бап. Роялти төлеу тәртібі

1. Роялти мөлшері салық салу объектісі, есептеу базасы мен ставка негізге алына
о т ы р ы п б е л г і л е н е д і .

2. Өндіріліп алынған пайдалы қазбалардың және (немесе) өтелетін қорлардың
көлемі нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің
көлемі салық салу объектісі болып табылады.

Б і р і н ш і т а у а р ө н і м і :

1) пайдалы қазбалардың өзі:
мұнай, табиғи газ және газ конденсаты;
көмір және жанғыш тақтатастар;

т а у а р л ы р у д а л а р ;

жерасты сулары, оның ішінде бастапқы өңдеуден өткен сулар;

слюда, әктас, құрылыс материалдарын өндіруге арналған шикізат;
металлургияға арналған руда емес шикізат;

2) бағалы металдар, құмдағы, рудадағы, концентраттағы бағалы металдар;

3) кара, түсті, сирек кездесетін және радиоактивті металдардың, кен-химия шикізатының концентраттары;

4) асыл тастар, бастапқы өңдеуден өткен жарқырауық тас және пьезооптикалық шикізат;

5) басқа пайдалы қазбалар бойынша - бастапқы өңдеуден өткен минералдық шикізат алғашқы тауарлы өнім болуы мүмкін.

3. Осы Кодекстің 299-бабына сәйкес айқындалатын пайдалы қазбалардың құны роялтиді есептеу үшін салық базасы болып табылады.

4. Осы баптың 5-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти төленеді:

1) мұнай бойынша - қызметтің әрбір күнтізбелік жылы үшін мұнайдың жинақталған табысының көлеміне байланысты анықталған процент ретінде жылжымалы шкала бойынша және мынадай ставкалар бойынша:

2000	мың тоннаға дейін	-	2	процент
2000-нан	3000 мың тоннаға дейін	-	3	процент
3000-нан	4000 мың тоннаға дейін	-	4	процент
4000-нан	5000 мың тоннаға дейін	-	5	процент
5000	мың тоннадан жоғары	-	6	процент

Егер сұйық көмірсутектермен бірлесіп газ тәріздес көмірсутектердің бетіне түсіру көзделген жағдайда, роялтиді есептеу мақсатында осындай газ тәріздес көмірсутектер қатынас арқылы шикі мұнайға ауыстырылады: газ тәріздес көмірсутектердің 1 мың текше метрі шикі мұнайдың 0,857 тоннасына сәйкес келеді.

2) алтынды, күмісті, платинаны, басқа да құнды металдар мен құнды тастарды қоса алғанда, қатты пайдалы қазбалар бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын ставкалар бойынша.

5. Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти ставкасы осы Кодекстің 300-бабына сәйкес белгіленген ставкалар бойынша төленеді.":

94) 298-бап алынып тасталсын;

95) 299-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"299-бап. Пайдалы қазбалардың құнын белгілеу тәртібі

1. Роялтиді есептеу мақсатында салық кезеңінде өндірген мұнай және жерасты су, сондай-ақ өтелген қорлардың құны, алтынды, күмісті және платинаны қоспағанда, өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің салық кезеңіндегі орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып, жанама салық пен оларды сату (тиеп жөнелту) пунктіне дейін тасымалдауға кеткен нақты шығындар сомасы есепке алынбай белгіленеді.

2. Алтынның, күмістің және платинаның өтелген қорларының құны Халықаралық (Лондон) металдар биржасында салық кезеңі ішінде қалыптасқан осы металдардың орташа құны негізге алына отырып анықталады.

3. Бастапқы тауар өнімін сату болмаған жағдайда, алтынды, күмісті, платинаны және жалпыға танымал пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнай мен жер асты суларының, сондай-ақ пайдалы қазбалардың өтелген қорларының құны осындай сату орын алған соңғы салық кезеңінің бастапқы тауар өнімінің орташа өлшенген бағасы негізге алына отырып анықталады.

4. Бастапқы тауар өнімін сату толықтай болмаған кезде алтынды, күмісті, платинаны және жалпыға танымал пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнай мен жер асты суларының, сондай-ақ пайдалы қазбалардың өтелген қорларының құны мұнайды, жер асты суларын өндіруге және көрсетілген пайдалы қазбалардың өтелген қорларына салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып анықталады.

Келесі сату жағдайларында жер қойнауын пайдаланушы бастапқы тауар өнімінің іс жүзінде сатылған бағасын негізге ала отырып, бастапқы сату орын алған салық кезеңінде есептелген роялти сомаларын түзетуді жүргізуге міндетті.

5. Жалпыға танымал пайдалы қазбалардан алынған бастапқы тауар өнімін сату болмаған кезде немесе оларды толығымен өз қажеттіктері үшін пайдаланған жағдайда, жалпыға танымал пайдалы қазбалардың өтелген қорларының құны салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан жер қойнауын пайдаланушының рентабельдік нормасына көбейтілген өтелген қорлар мен бастапқы өңдеуге арналған нақты қалыптасқан шығындар сомасы негізге алына отырып анықталады.

Газ тәріздес көмірсутектерін өтеусіз берген жағдайда, осындай көмірсутектерінің құны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельдік нормаға көбейтілген, оларды өндіру мен бастапқы өңдеуге арналған нақты қалыптасқан шығындар негізге алына отырып анықталады. Бұл ретте, газ тәріздес көмірсутектері бойынша роялти ставкаларын анықтау үшін осы Кодекстің 297-бабында анықталған ауыспалы коэффициент пайдаланылады.

Жер асты суларын шығарылатын өнімдердің және (немесе) қызметтердің негізгі құрауышы түрінде пайдаланған жағдайда, өндірілетін жер асты суларының құны салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельдік нормаға көбейтілген, оларды өндіру мен бастапқы өңдеуге арналған нақты қалыптасқан шығындар негізге алына отырып анықталады. " ;

96) 300-баптың 1-тармағында мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "барлық", "үшін" деген сөздер алынып тасталсын, "белгіленеді" деген сөз "төлейді" деген сөзбен ауыстырылсын ;

97) 303-бап алынып тасталсын ;

98) мынадай мазмұндағы 47-1-тараумен, 304-1, 304-2, 304-3, 304-4, 304-5, 304-6, 304

- 7 - баптармен

толықтырылсын:

"47-1-тарау. Экспортталатын шикі мұнайға салынатын ренталық салық

304-1-бап. Төлеушілер

Экспортталатын шикі мұнайға салынатын ренталық салықтың төлеушілері экспортқа шикі мұнайды, өнімін бөлу туралы келісім-шартта бекітілген жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, өткізетін заңды және жеке адамдар болып табылады.

304-2-бап. Салық салу объектісі

Экспортталатын шикі мұнайға ренталық салық салу объектісі экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың көлемі болып табылады.

304-3-бап. Есептеу тәртібі

1. Экспортталатын шикі мұнайға ренталық салық салу базасы шикі мұнайды өткізу және сапалы сипаттамасы жөніндегі шығыстарды шегергендегі экспортқа іс жүзінде өткізілетін шикі мұнай көлемі мен нарықтық бағасы негізге алына отырып, экспортталатын мұнайдың құны болып табылады.

2. Сатылатын шикі мұнайдың нарықтық бағасы есепті кезеңде (күн сайын) халықаралық шикі мұнай сауда-саттығында сатылатын, мұнайдың неғұрлым ұқсас сортын іріктеуге қатысты нарықтағы сату бағасынан басым орташа өлшемді бағаретінде қалыптасады.

3. Шикі мұнай сапасына шегерім, егер жер қойнауын пайдаланушының шикі мұнайы сапасының көрсеткіштері шикі мұнайдың сапасына шегерім магистральды құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай қоспаларының көрсеткіштерінен төмен болған жағдайда беріледі. Шикі мұнай сапасына үстеме баға, егер жер қойнауын пайдаланушының шикі мұнайы сапасының көрсеткіштері магистральды құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай қоспаларының көрсеткіштерінен жоғары болса беріледі.

4. Шикі мұнай сорттарының ұқсас себеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленеді.

Шикі мұнай құнын белгілеудің құн сайынғы орташа бағасы биржаны ашу және жабу кезінде бағалардың арасындағы құн ретінде анықталады.

304-4-бап. Экспортталатын шикі мұнай үшін ренталық салық ставкалары

Экспортталатын шикі мұнай үшін ренталық салық ставкалары мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

Биржалық баға деңгейіндегі нарықтық баға	Ставкасы
баррель үшін 19 доллар	1 процент
баррель үшін 20 доллар	4 процент
баррель үшін 21 доллар	7 процент
баррель үшін 22 доллар	10 процент

баррель үшін 23 доллар	12 процент
баррель үшін 24 доллар	14 процент
баррель үшін 25 доллар	16 процент
баррель үшін 26 доллар	17 процент
баррель үшін 27 доллар	19 процент
баррель үшін 28 доллар	21 процент
баррель үшін 29 доллар	22 процент
баррель үшін 30 доллар	23 процент
баррель үшін 31 доллар	25 процент
баррель үшін 32-33 доллар	26 процент
баррель үшін 34-35 доллар	28 процент
баррель үшін 36 доллар	29 процент
баррель үшін 37 доллар	30 процент
баррель үшін 38-39 доллар	31 процент
баррель үшін 40 доллар және	33 процент

о д а н ж о ғ а р ы

304-5-бап. Салық кезеңі

Экспортталатын шикі мұнайға ренталық салық төлеу бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

304-6-бап. Төлеу мерзімдері

Жер қойнауын пайдаланушы бюджетке салықтың есептелген сомасын салық кезеңінен кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей төлеуге міндетті.

304-7-бап. Салық декларациясы

Экспортталатын шикі мұнайға салынатын ренталық салық бойынша декларация салық кезеңінен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей тіркеу орны бойынша салық о р г а н ы н а б е р і л е д і . " ;

99) 305-баптағы "және кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге" деген сөздер "және кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге, сондай-ақ барлау мен өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға" деген сөздермен ауыстырылсын;

100) 306-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"306-бап. Салық салу объектісі

Жерқойнауын пайдаланушының таза табысы бөлігі болып салық салу объектінің үстеме пайдасы табылады. " ;

101) мынадай мазмұндағы 306-1-баппен толықтырылсын:

"306-1-бап. Салық базасы

Салық базасы салық кезеңінің аяғында осы Кодекстің 92-103, 105-114-баптарында көзделген шегерімдер сомасының 20 процентінен асатын жер қойнауын

пайдаланушының таза кірісінің бөлігі болып табылады.

Үстеме пайдаға салынатын салық сомасы Қазақстан кадрларын оқытуға іс жүзінде жұмсалған шығындардың және (немесе) бекітілген активтер өсімінің, бірақ салық салынатын соманың 10 процентінен аспайтын сомасына түзетіледі.";

102) 307, 308-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
"307-бап. Есептеу тәртібі

Салық кезеңі ішінде үстеме пайдаға салынатын салықты есептеу осы Кодекстің 306-1-бабына сәйкес анықталатын түзетулер ескеріле отырып, салық базасына осы Кодекстің 308-бабында белгіленген ставкаларды қолдану жолымен жүргізіледі.

308-бап. Үстеме пайда салынатын салық ставкасы

Үстеме пайдаға салынатын салық ставкалары салық төлеушінің шегерімге таза кірісі қатынасының 20 процентінен асатын мөлшерде процентінен мынадай мөлшерде белгіленеді:

Шегерімге таза кіріс қатынасының 20 процентінен асатын мөлшері			Ставкасы
5 процентке дейін			15 процент
5 проценттен			15 процентке
дейін			30 процент
15 проценттен			30 процентке
дейін			45 процент
30 процент және одан жоғары			60 процент
			" ;

103) 49-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"49-тарау. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі";

104) 312-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"312-бап. Өнімді бөлу туралы келісім-шарттың шеңберінде жүзеге асырылатын қызметке салық салу ерекшеліктері:

1. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт оған сәйкес Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдаланушыға ақылы негізде белгілі бір мерзімге келісім-шарттық негізде мұнай операциялары мен оның есебінен онымен байланысты жұмыс жүргізуді қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізу құқығын беретін шарт болып табылады.

2. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт мынадай негізгі жағдайларды қамтуы тиіс:

- 1) өндірілген өнімнің жалпы көлемін, өткен өлшем бөлігі мен оның құнын анықтау;
- 2) келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындауға арналған шығындарды өтеу үшін жер қойнауын пайдаланушының меншігіне берілетін роялтиді төлегеннен кейін

өндірілген өнім бөлігін анықтау (өтемдік өнім);

3) роялти мен өтемдік өнім шегеріліп тастағаннан кейін бөлуге жататын өндірілген өнім бөлігін анықтау (пайдалы өнім);

4) Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушының арасындағы бөлім (п р о ц е н т) ү л е с і ;

5) пайдалы өнімде Қазақстан Республикасының үлесін анықтау тәртібі.";

105) мынадай мазмұндағы 312-1-баппен толықтырылсын:

"312-1-бап. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының ү л е с і н а н ы қ т а у

1. Өнім бөлімі бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жер қойнауын пайдаланушының үлесін пайдалы өнімнен алып тастағандағы Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасында бөліске түсетін пайдалы өнімнің жиынтық құны р е т і н д е а й қ ы н д а л а д ы .

2. Пайдалы өнімдегі жер қойнауын пайдаланушының үлесі төмендегі үш триггерге сәйкес проценттік маңызының ең азы ретінде айқындалады:

1) R-фактор (кіріс көрсеткіші) - жер қойнауын пайдаланушының жинақталған кірісінің жоба бойынша жинақталған шығысына қатысы;

2) мердігер рентабельділігінің ішкі нормасы (РН) - шынайы таза дисконтты кіріс өзінің нөлдік белгісіне жететін дисконттау ставкасы;

3) P-фактор (баға коэффициенті) - жер қойнауын пайдаланушы кірісінің есептік кезеңіндегі өндіру көлеміне қатысы.

Жоғарыда көрсетілген триггерлер осы баптың 3, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген әдістемеге сай айқындалады. Жер қойнауын пайдаланушыға беруге жататын пайдалы өнімнің үлесіндегі проценттік мәнін айқындау үшін әр триггерден алынған нәтиже осы бапта көрсетілген төменгі мәндермен салыстырылады.

3. Есептік кезеңіндегі R_n -фактордың мәні жер қойнауын пайдаланушының жинақталған кірісінің жоба бойынша жинақталған шығыстарына қатысы ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

Жоба бойынша жинақталған кіріс өтемдік өнімнің шынайы жиынтық құны мен бюджетке төленген шынайы жиынтық табыс салығын алып тастағандағы жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі шынайы жиынтық үлесінің сомасы р е т і н д е е с е п т е л е д і .

Жоба бойынша жинақталған шығыстар шынайы жиынтық өтелетін пайдалану шығыстарының, барлауға және бағалауға жұмсалатын шынайы жиынтық өтелетін шығыстардың және жер қойнауын пайдаланушының өзге де шынайы жиынтық өтелетін шығыстарының сомасы ретінде есептеледі.

Пайдалы өнімдегі жер қойнауын пайдаланушының үлесін айқындау үшін қажет т ө м е н г і м ә н д е р :

N	R-фактордың мәні	Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесінің проценттік мәні
1	Аз немесе тең - 1,2	70%
2	Көп немесе тең - 1,5	10%

R-фактордың алынған мәні 1,2-ден көп және 1,5-тен аз болса, жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесі = $(70\% - 2,17 * (X - 1,2))$, бұнда X - жобаның іске асырылуы кезеңіндегі R-фактордың іс жүзінде алынған мәні.

4. Рентабельділіктің ішкі нормасы (РІН) жерқойнауын пайдаланушының өнімді бөлісу жөніндегі келісім-шарт күшіне енген сәттен бастап және осындай есептік кезеңді қосқандағы жер қойнауын пайдаланушының әр есептік кезеңіндегі шынайы таза қолма-қол ақша ағымының мәні бойынша есептелген таза ағымдағы құны нөлге тең болатын дисконттың жылдық ставкасы ретінде (процентпен) айқындалады.

Таза ағымдағы құнды есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{ДТАА}_0 + \text{ДТАА}_1 / (1 + \text{ДС}_1)^1 + \text{ДТАА}_2 / (1 + \text{ДС}_2)^2 + \dots + \text{ДТАА}_n / (1 + \text{ДС}_n)^n$$

ДТАА_n - есептік кезеңдегі қолма-қол ақшаның шынайы таза ағымы;

ДС_n - есептік кезеңдегі дисконт ставкасы (процентпен көрсетіледі);

n - е с е п т і к к е з е ң .

Есептік кезеңдегі шынайы таза қолма-қол ақша ағымы мынадай формула бойында айқындалады:

$$\text{ДТАА}_n = (\text{ДӨӨҚ}_n + \text{ДПӨҮҚ}_n) - (\text{ДӨШҚ}_n + \text{ДББӨШ}_n + \text{ДИӨШ}_n + \text{ДСҚ}_n + \text{ДКТБ}_n + \text{ДЖБ}_n)$$

ДӨӨҚ_n - жер қойнауын пайдаланушының есептік кезеңінде алған өтемді өнімнің шынайы құны;

ДПӨҮҚ_n - жер қойнауын пайдаланушының есептік кезеңінде алған пайдалы өнім үлесінің шынайы құны;

ДӨШҚ_n - есептік кезеңде төленген өтелетін пайдалану шығыстарының шынайы құны;

ДББӨШ_n - есептік кезеңде төленген барлауға және бағалауға жұмсалатын өтелетін шығыстардың шынайы құны;

ДИӨШ_n - есептік кезеңде төленген игеруге жұмсалатын өтелетін шығыстардың шынайы құны ;

ДСҚ_n - пайдалы өнімдегі Қазақстан Республикасының үлесін алып тастағандағы есептік кезеңде төленген салықтардың шынайы құны;

ДКТБ_n - осындай есептік кезеңде әр жағдайда төленген коммерциялық табулар бонусының шынайы құны ;

ДЖБ_n - аталған участкені игеруге жатқызылған және есептік кезеңде төленген жазылыс бонусы бөлшегінің шынайы құны.

Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесін айқындау үшін қажет төменгі мәндер :

N	РІН мәні	Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесінің проценттік мәні
1	Аз немесе тең - 12 %	70 %
2	Көп немесе тең - 20 %	10 %

Алынған РІН мәні 12%-тен көп және 20%-тен аз болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесі = $(70\% - 8,13 * (X - 12\%))$, бұнда Х - жобаның іске асырылуы кезеңіндегі алынған рентабельділіктің ішкі нормасының іс жүзінде алынған алынған мәні.

5. Р-фактор (баға коэффициенті) есептік кезеңдегі өтемдік өнімнің шынайы құнының сомасының және есептік кезеңдегі жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнім үлесінің шынайы құнының есептік кезеңдегі мұнай өндіру көлеміне қатысы ретінде белгіленеді. Пайдалы өнімде жер қойнауын пайдаланушы мен оның үлесі өтемақы өнімі құнының есебі іске асыру бойынша шығыстардың есебінсіз жүзеге асырылады .

Пайдалы өнімде жер қойнауын пайдаланушының үлесін айқындау үшін қажетті түпкі мағыналар :

N	Р-фактордың мәні	Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімдегі үлесінің проценттік мәні
1	1 баррель үшін 12 АҚШ долларына тең немесе кем	70 %

2 1 баррель үшін 27 АҚШ
долларына тең немесе 10 %
артық

Р-факторының алынған мағынасы 12 АҚШ доллардан 1 баррельге артық болған жағдайда, пайдалы өнімде жер қойнауын пайдаланушының үлесі мынадай Формула бойынша есептеледі:

Пайдалы өнімде жер қойнауын пайдаланушының үлесі = $(70\% - 0,04 * (X - 12))$, мұнда X - жобаны іске асыру кезеңінде Р-фактордың нақты алынған мағынасы.

6. Осы баптың мақсаттары үшін "шынайы" деген термин жобаны іске асырудың іске асыру кезеңіндегі жағдайы бойынша ортажылдық инфляцияның индексін ескере отырып есептелген соманы білдіреді.

7. Өнімді бөлу туралы келісім-шартты іске асыру шарттары нашарлаған жағдайда өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жер қойнауын пайдаланушының пайдалы өнімін белгілеу барысында, егер бұндай жоғарғы белгіге Р-фактор триггері (баға коэффициенті) есебі арқылы қол жеткізілген жағдайды қоспағанда, өзінің тіркелген ең жоғарғы белгісінен төмен азаймауы керек.

8. Өндірілген өнімнің жалпы көлемінде мемлекеттің түсімі үшін қандай да бір салық кезеңінде өндіру басталған сәттен салынған инвестицияларды қайтару сәтіне дейін 30 проценттен төмен және келесі кезеңде өндірілген өнімнің жалпы көлемі 60 проценттен төмен болмауы тиіс.

Егер қандай да бір салық кезеңінде мемлекеттің түсім сомасы жоғары көрсетілгеннен төмен болса, тиісті айырма өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің есебіне жер қойнауын пайдаланушылармен бюджетке төленеді.

106) 313-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"313-бап. Өтелетін шығындар

1. Өтелетін шығындар - осы Кодекстің 312-3-бабында көрсетілген шығындарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар жұмыстар мен бюджеттердің бағдарламасына сәйкес өнімді бөлу туралы жасалған келісім-шарт шеңберінде жұмыстарды орындаған кезде іс жүзінде жүргізілген оның негізделген және құжатпен расталған шығындары.

2. Өтелетін шығындардың құрамына мынадай шығындар енеді:

1) жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт күшіне енгенге дейін жүргізген, оның ішінде:

келісім-шарт жасауға бастамашы сатыда техникалық-экономикалық негіздеме дайындауға және әзірлеуге арналған;

келісім-шарт бойынша бірінші жұмыс жылы жер қойнауын пайдаланушының шығындар сметасында көрсетілуі тиіс келісім-шарт күшіне енгенге дейін және оның

орындалуымен тікелей байланысты жүргізілген іздестіру, бағалау және барлау жұмыстарына арналған;

2) 313-1-бапта көрсетілген шығындарды қоспағанда, келісім-шарт күшіне енген күннен бастап және ол қолданылатын барлық кезең ішінде іс жүзінде жүргізілген шығындар.

Құрамына жер қойнауын пайдаланушылардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінде орналасқан офистерін жалға алу ақысын төлеуге арналған шығыстарды, оларды ұстауға арналған шығыстарды енгізетін, келісім-шартты орындауға қатысты әкімшілік шығыстар, ақпараттық және коммерциялық қызмет көрсету, үкіметтік шығыстар, жарнамаға арналған шығыстар және басқа да әкімшілік шығыстар келісім-шарт талаптары бойынша келісім-шартпен белгіленген есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушылармен өтелетін шығыстардың жалпы сомасынан 2 проценттен аспайтын норматив мөлшерінде өтеледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушының өтелетін шығындары:
келісім-шарт бойынша жасалған не сатып алынған мүлікті алуға байланысты шығындарды шегергендегі оларды жалға бергені үшін жалдау ақысын алумен байланысты операциялық кірістер сомасына;
келісім-шарт шеңберіндегі қызметтен алынған басқа да кірістер сомасына (айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыптары және т.т.).

4. Егер жерқойнауын пайдаланушы (оператор) және Қазақстан Республикасы арасындағы жер қойнауын пайдаланушының өз өнімін бөлу туралы келісім-шарт бойынша мемлекеттің үлесін іске асыру мүмкіндік көзделетін болса, онда оның және құзыретті орган арасындағы қосымша келісіммен сәйкес, осындай іске асырумен байланысты және жер қойнауын пайдаланушының нақты шығындары өтеуге жатады.";

107) мынадай мазмұндағы 313-1, 313-2-баптармен толықтырылсын:

"313-1. Өтелмейтін шығындардың құрамы
Өтемдік өнім есебінен өтелмейтін шығындарға мынадай шығын түрлері жатады:
өнімді бөлу шарттарында жерқойнауын пайдалану операцияларын жүргізу құқығын алуға арналған конкурсқа қатысу үшін жарна төлеу бойынша;
геологиялық ақпаратты сатып алу бойынша;
шығын баптары, олар бойынша келісімде шектеулер белгіленген олардың асып кетуі, оның ішінде әкімшілік шығыстар бойынша;
қоршаған ортаны ластағаны үшін белгіленген (алынған) лимиттерден тыс ақы төлеу бойынша;

жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі өтемдік өнімдер мен пайдалы өнім үлестерін беру пунктiнен (бөлу) сату пунктiне дейiн жеткізуге арналған шығындарды қоса алғанда, оларды сатуға байланысты шығындар, тасымалдау кезіндегі шығындар, мақсатты орнына дейiн өнiмдi тасымалдау кезінде сақтандыруға арналған шығындар, комиссиялық және басқа да шығындар;

акционерлердің (құрылтайшылардың) талабы бойынша жүзеге асырылған қаржы-шаруашылық қызметті тексеруге (аудитке) байланысты;

қазақстандық ұстау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу себептерінен орын алған міндеттемелерді қоса отырып, жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттар белгіленген өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты туындаған;

экскурсиялар мен саяхатқа арналған жолдамалардың құнына ақы төлеуге байланысты;

кредит (заем) және заем қаражаттарын пайдалану үшін сыйақыларды төлеу, сондай-ақ заемдық қаражаттарды тартуымен және пайдалануымен байланысты комиссиялық төлемдер және басқа да шығыстар;

қауіпсіздік технологиясы мен техникасын сақтау нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушының кінәсінен жол берілген апаттар салдарынан келтірілген залалдар;

әлеуметтік жобалар бойынша шығындар;

қызметкерлерге ерікті сақтандыру бойынша шығыстар;

соттық талқылауларға байланысты келтірілген шығындар;

жер қойнауын пайдаланушыдан кез келген мемлекеттік орган алатын айыппұлдар мен өсімақылар;

қолданылып жүрген нормаларда көзделмеген қызметкерлердің жеке пайдалануына арналған шығыстарды төлеуге байланысты шығындар;

жер қойнауын пайдаланғаны үшін бекітілген біржолғы төлемдер немесе коммерциялық қызмет көрсетулер (бонустар);

төленген салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер;

келесі салық кезеңіне қалдырылатын, проценттері (аплифт) қосылмайтын, өтелмейтін шығындардың қалдығы;

келісім-шарт бойынша тікелей қызметке жатпайтын басқа да шығындар.

313-2-бап. Шығындарды өтеу тәртібі

1. Жер қойнауын пайдаланушының шығындарын өтеу өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушыға шығындарды өтеу өтемек өнімнің шекті үлесінен аспайтын мөлшерде пайдалы қазбаларды коммерциялық өндіру сынамалық пайдалану және (немесе) басталған сәттен бастап жүзеге асырылады.

3. Өтемдік өнімнің шекті үлесі әзірленетін кен орнының экономикалық құндылығы ескеріле отырып, өнімді бөлу туралы әрбір келісім-шарт бойынша жеке белгіленеді және олар:

жобаның өтімділігіне қол жеткізгенге дейінгі кезеңде - пайдалы қазбалардың салық кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген жалпы көлемнің 75 процентінен; кейінгі кезеңдерде - 50 проценттен аспауы тиіс.

4. Әрбір кен орны бойынша шығындарды өтеу келісім-шарт аумағында өндірілген барлық өтемдік өнім есебінен жүзеге асырылады.

5. Салық кезеңінің аяғында төленбеген өтелген шығындардың қалдығы: салық кезеңінің басына жер қойнауын пайдаланушыға төленбеген өтелетін шығындар ,

қ о с у

салық кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы жүргізген өтелетін шығындар,

а л у

салық кезеңінде жер қойнауын пайдаланушыға өтелген өтелетін шығындар сияқты анықталады .

6. Егер салық кезеңінің басында өтелетін шығындар мен көрсетілген салық кезеңінде жасалған өтелетін шығындардың қалдық сомасына тең өтемдік өнімнің сомасы өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген өтемек өнімнің тиісті шекті үлесінен аз болса, онда көрсетілген кезеңде өтелетін шығындардың қалдығы толық көлемде өтеледі . " ;

108) 314 бап алынып тасталсын ;

109) мынадай мазмұндағы 314-1, 314-2, 314-3-баптармен толықтырылсын:

" 314 - 1 - бап . Салық кезеңі

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің төлемдері бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады . " ;

314 - 2 - бап . Төлеу мерзімі

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі салық кезеңінен кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей төленеді .

314 - 3 - бап . Салық декларациясы

Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей табыс етеді . " ;

110) 316-баптың 1-тармағында :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын :

"1. 315-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында және 2-тармағында көрсетілген төлеушілер үшін салық салу объектісі осы Кодекстің 149-бабының 2-тармағында, 153-1-бабында анықталған кірістер түріндегі резидент қызметкерлерге, осы Кодекстің 178-бабының 14) тармақшасында анықталған кірістер түрінде резидент емес қызметкерлерге төленетін жұмыс берушінің шығыстары, сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабының 6-1-тармағында көрсетілген шетелдік персоналдың кірістері және осы Кодекстің 144-бабының 1), 3), 6), 8), 10), 11), 14)-17), 23), 25)-29) тармақшаларында белгіленген төлемдерді қоспағанда өтелетін қызмет көрсету шарттары бойынша жеке адамдарға төленетін төлемдер (жекелеген кәсіпкерлерге, жеке нотариустар мен адвокаттарға төленетін төлемдерді қоспағанда), сондай-ақ мыналар қосылмайды:" ;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған мөлшерде жинақтаушы зейнетақы қорларына берілетін ерікті кәсіби зейнетақы жарналары.";

1 1 1) 3 1 7 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"жүзеге асыратын резидент еместер" деген сөздерден кейін ", шетелдік заңды адамдардың филиалдары мен өкілдіктері" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық персоналдың шетелдік мамандары халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган берген шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатқа сәйкес Қазақстан Республикасына тартылған және жұмыс беруші еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жалдаған шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ а д а м д а р ,
с о н д а й - а қ :

шетелдік заңды адамдардың филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшылары;

Қазақстан Республикасының Үкіметімен ақшалай баламада елу миллион АҚШ долларынан жоғары инвестициялар сомасына келісім-шарттар жасасқан ұйымдардың бірінші басшылары және бас менеджерлері;

қызметтің басым түрлерінде инвестициялық қызметті жүзеге асыратын және инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының бірінші басшылары;

банктік, сақтандыру ұйымдары мен зейнетақы қорларының бірінші басшылары және бас менеджерлері болып істейтін азаматтығы жоқ адамдар болып табылады.";

112) 321-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздер "орналасқан орны бойынша" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 1 3) 3 2 4 - б а п т а :

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік мекемелер;"

4-тармақтағы "2)," деген сан алынып тасталсын;

114) 338-баптың 4-тармағында "140-2-бабының 4-тармағымен" деген сөздерден кейін "және 140-5-бабының 3-тармағымен" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1 5) 3 4 0 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ағымдағы төлемдердің сомалары ағымдағы жылдың 20 ақпанынан, 20 мамырынан, 20 тамызынан, 20 қарашасынан кешіктірмейтін мерзімдерде тең ү л е с т е р м е н т ө л е н у г е т и і с .

Жаңа құрылған салық төлеушілер бойынша ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі салық төлеуші құрылған күннен кейінгі кезекті мерзім болып табылады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілер салық сомасының ағымдағы салық кезеңі үшін салық сомасын осы баптың 9-тармағында көзделген мерзімдерде төлейді.";

5-тармақтың екінші бөлігіндегі "2), 4)" деген сандар "4) және 7)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейінгі салық міндеттемелері туындаған кезде түпкі есеп айырысу және салық сомасын төлеу осы баптың 9-тармағында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

Осы Кодекстің 324-бабының 4-тармағының 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды адамдарға пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейінгі түпкілікті есеп айырысу мен салық сомасын төлеу осы баптың 9-бабында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.";

116) 341-баптың 2-тармағында "2), 4)" деген сандар "4) және 7)" деген сөздермен ауыстырылсын;

117) 344 - бапта:

1 - тармақта:

"тұлғалар" деген сөзден кейін "(мемлекеттік мекемелерді қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

"жер салығы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтағы "Жаңадан құрылған" деген сөздердің алдынан "Ағымдағы төлемдерді төлеу соңғы мерзімінен соң құрылған салық төлеушілерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Кодекстің 324-бабының 3-тармағының 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдердің есеп айырысуын осы баптың 5-тармағында көзделген мерзімдерде табыс етеді.";

118) 345-баптың 2-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін көлік құралдарына қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) меншікті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде пайдаланылатын мамандандырылған ауыл шаруашылық техникасы бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер. Көрсетілген ауыл шаруашылық техникасының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік мекемелер;" ;

119) 347-баптың 5-тармағы:

екінші абзацта "сәуірден кейін" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының шегінен тыс" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзацта "алынған" деген сөзден кейін ", сондай-ақ 1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған және Қазақстан Республикасында 1999 жылғы 1 сәуірге дейін қолданыста болған" деген сөздермен толықтырылсын;

120) 348-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі ", егер осы бапта өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

121) 348-1-баптың 3-тармағында "көлік құралдарына салығы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

122) 350-бапта "көлік құралдары салығы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

123) 351-баптың 4-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік мекемелер;" ;

4) тармақша алынып тасталсын;

тоғызыншы абзацта "3)-5) тармақшаларында" деген сөздер "5) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

124) 353-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) қайта жаңартылатын ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ көрсетілген объектілерде монтаждауды талап ететін жабдықтар түріндегі аяқталмаған құрылыс объектілері . " ;

125) 355-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері - заңды тұлғалар жер суару үшін, пайдаланатын су мелиорациялық құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар." ;

4-тармақта "140-2" деген сандардан кейін "және 140-5-бабының 3-тармағында" деген сөздермен толықтырылсын;

126) 356-баптың 6-тармағында:

екінші бөлігінде "3)-5) тармақшаларында" деген сөздер "5) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінде:

"3)-5) тармақшаларында" деген сөздер "5) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"салық кезеңі басталған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей" деген сөздер "ағымдағы салық кезеңі үшін осы баптың 8-тармағында көзделген мерзімде" сөздермен ауыстырылсын ;

127) 358-баптың 2-тармағында "3)-5) тармақшаларында" деген сөздер "5) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;
1 2 8) 3 5 9 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігінде "3)-5) тармақшаларында" деген сөздер "5) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүлікке салынатын салық бойынша салықтық міндеттемелер өзгертілген кезде салық кезеңі ішінде ағымдағы төлемдердің есептілігі салық кезеңінің 15 ақпанынан, 15 мамырынан, 15 тамызынан және 15 қарашасынан кешіктірмей беріледі.";

4-тармақта "Мүлік салығы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

129) 361-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында "салық салу объектілерінің бір мың айлық есептік көрсеткішке тең құны" деген сөздер "меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнының бір мың айлық есептік көрсеткіші" деген сөздермен ауыстырылсын;

130) 364-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

131) 366-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Егер салық кезеңінің мерзімділігі он екі айдан төменді құраса, төлеуге жататын мүлікке салынатын салық осы баптың 1-тармағына сәйкес анықталған салық сомасын 12-ге бөлу және салық кезеңінде меншіктену құқығын іске асыру айларының санына көбейту жолымен есептеледі.";

132) 368-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Арнайы салық режимін қабылдаған тұлғалардың салық төлеушінің өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшелеріне салық салу мақсатында оның қызметінің бөлігін орындайтын тұрақты жұмыс орнымен жабдықталған кез келген аумақтық оқшауланған бөлімше танылады. Жұмыс орны егер ол бір айдан артық мерзімге құрылса, тұрақты болып есептеледі.";

133) 369-бап 2-тармағының бірінші бөлігінде:

"тұрақты үй-жайларда" деген сөздер "дүңгіршектерде, тұрақты үй-жайларда (тұрақты үлгілік бөлімдерде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

", осы Кодекстің 392-баптың 1-тармағында айқындалған тұлғаларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

134) 374-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Салық органдары өтініш берілгеннен және бюджетке патенттің құны мен жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарының төленгенін растайтын құжаттар көрсетілгеннен кейін бір күн ішінде патент беруді жүргізеді.";

135) 383-баптың 2-тармағында "зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының," деген сөздерден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

136) 384-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша есеп айырысу;" ;

137) 385-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын :

"Осы тармақтың мақсаттары үшін аффилиирлендірілген тұлға болып шешімдерді тікелей және (немесе) жанама анықтау және (немесе) көрсетілген арнайы салық режимін, оның ішінде шарттың және (немесе) басқа мәміленің күшіне қолданған заңды тұлға қабылдаған шешіміне әсер ете алатын кез келген заңды тұлға, сондай-ақ көрсетілген арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлға оған қатысты осындай құқығы бар кез келген тұлға танылады." ;

138) 390 - бапта :

2-тармақтың бірінші абзацында "зейнетақы жарналары сомаларын," деген сөздерден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарын" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есеп айырысуды жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептілікті және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша есеп айырысуды мынадай мерзімдерде:" ;

139) 428-баптың 2-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп шығарылған жариялаған акцияларды орналастыруды;" ;

140) 450-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төлем төлеушілері осы арнайы режим қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, салық органдарына жер учаскелері орналасқан орны бойынша ағымдағы төлемдердің сомасын және декларацияларды береді." ;

141) 470 - бапта :

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі - төлемақы) орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін алынады:

1) ағаш дайындау ;

2) шайыр дайындау ;

3) қосымша ағаш материалдарын (қабықты, ағаш көгін және басқаларын) дайындау;

4) ағаш шырындарын дайындау;

5) орманды жанама пайдалану (шөп шабу және мал жаю, шипалы өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және орманның басқа да тағамдық өнімдерін дайындау және жинау, ара ұялары мен о м а р т а л а р о р н а л а с т ы р у) ;

6) орманды мәдени-сауықтыру және ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану;

7) орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін пайдалану.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы орман заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген ағаш кесуге рұқсат билеті мен орман билетінің негізінде беріледі."

4-тармақта "Орман шаруашылығын басқару жөніндегі аумақтық уәкілетті органдармен" деген сөздер "Мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

142) 471-баптың 2-тармағында:

1) тармақшада "орман иелері" деген сөздердің алдына "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) орман қоры учаскесі меншігінде болатын жеке және мемлекеттік емес заңды т ұ л ғ а л а р ; " ;

143) 474-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік органдардың ағаштардың қурауы мен құрып кету қатері төнген кезде орман ресурстарын пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдауын қоспағанда, төленген соманы қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте қайтарып алу төлеуші ағаш кесуге рұқсат билеті мен орман билетін пайдаланбағанын растайтын мемлекеттік орган берген құжатты бергеннен кейін ғана жү р г і з і л е д і . " ;

144) 482-баптың 7-тармағы алынып тасталсын;

145) 495-бап 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жеке басты куәландыратын құжаттарды бергені үшін;"

146) 497-баптың 1) тармақшасында:

төртінші абзацта "мәміле құнының 5 проценті" деген сөздер "100 процент" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бесінші абзацтағы "мәміле құнының 10 проценті" деген сөздер "300 процент" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

147) 500-баптың 3) тармақшасында:

екінші абзацта "азаматының паспорты" деген сөздерден кейін ", азаматтығы жоқ адамның куәлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта "жеке куәлігі" деген сөздерден кейін ", шетелдіктің Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхаты, уақытша жеке куәлігі" деген сөздермен то л ы қ т ы р ы л с ы н ;

148) 501-баптың 14) тармақшасында:

"кері бұрып атқару туралы" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"апелляциялық шағымға қосылу туралы";
он бесінші абзац алынып тасталсын;
149) 506 - бапта:

1 - тармақта:

мынадай мазмұндағы 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, "Алтын қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен наградталған адамдар;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектері және соларға теңестірілген басқа да мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, I және II топтардағы мүгедектер, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар.";

3 - тармақта:

1) және 2) тармақшалар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) дипломатиялық өкілдіктер және Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері арқылы апостильдеуге түсетін құжаттарға апостиль қою кезінде;

5) дипломатиялық өкілдіктер және Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері арқылы өтініш жасаған азаматтарға азаматтық жағдайын тіркеу туралы қайта куәлік бергені үшін.";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліктері мен паспорттарын, сондай-ақ, шетелдіктің Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхатын бергені үшін мемлекеттік баж төлеуден:

Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек даңқы, "Алтын Қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен наградталған адамдар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектері және соларға теңестірілген басқа да мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, I және II топтардың мүгедектері, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар.";

150) 507-бап 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліктері мен паспорттарын, сондай-ақ, шетелдіктің Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхатын бергені үшін - тиісті құжаттарды бергенге дейін;

151) 517 - бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы "жарналарының" деген сөзден кейін "және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 10) тармақшасы "сақтауды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ мемлекеттің меншігіндегі мүлікті толық және уақтылы беруді" деген сөздермен толықтырылсын;

152) 521-баптың 1-тармағында:

3) тармақшада "жері бойынша - " деген сөздерден кейін "қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыруды бастаған күннен бастап 30 жұмыс күннен жоғары кез келген он екі айлық кезеңнің шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жеке кәсіпкерлік туралы заңдармен айқындалған уәкілетті тұлғаның тұрғылықты орны бойынша - бірлескен жеке кәсіпкерлік;"

7) тармақшада "1)-4)" деген сандар "1)-3), 5), 6)" деген сандармен ауыстырылсын;

153) 522-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;

154) 525-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салық төлеушіні Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығарып тастау салық төлеуші Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген әрекетсіз заңды тұлға мен жеке кәсіпкер белгілеріне сәйкес келген және салық берешегі жоқ жағдайда тіркеу нөмірі сақтала отырып жүргізіледі.

Осы тармақтың мақсаттарында әрекетсіз заңды тұлға болып көрсетілген декларацияларды ұсыну жөніндегі талаптар оларға қолданылмайтын салық төлеушілерді қоспағанда, осы Кодексте белгіленген оларды беру мерзімінен кейін бір жыл өткен соң корпоративтік табыс салығы туралы декларацияны немесе жеңілдетілген декларацияны бермеген заңды тұлғалар танылады.";

155) 526-бапта:

3) тармақшада "құрылымына" деген сөзден кейін "(нысаналау алгоритміне)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшаның төртінші абзацы "екінші кезекте" деген сөздерден кейін "жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының аударуы жөніндегі клиенттің міндеттемесі бойынша, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақшада "тоқтатуға" деген сөз "тоқтата тұруға" деген сөзбен ауыстырылсын;

156) 527-баптың 5-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы резидент еместің қызметін жүзеге асыруын бастау күні деп мына күндердің бірі:"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғамен азаматтық-құқықтық сипаттағы бірінші жеке еңбек шартын немесе осы баптың 1-тармағында көрсетілген келісім-шарттардың шарттарын орындау үшін Қазақстан Республикасына келу күні болып айқындалады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасының қызметін жүзеге асыру басталу күні осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген күндердің біріне қарағанда ерте болмайды." ;

157) 530-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджетке міндетті төлемдер жинауды, салық салу объектілерінің және салық салуға байланысты объектілердің есебін және (немесе) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті органдар салық есептілігінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін көрсетуге тиіс." ;

158) 531-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) темекі өнімдерін өндіру, көтерме сату және импортқа шығару." ;

1 5 9) 5 3 3 - б а п т а :

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тақырыптық тексеру - тексеріс:

салықтық міндеттемелерді салықтың жекелеген түрлері және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша атқару;

міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына және міндетті әлеуметтік есептеулерді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару және (немесе) оларды толық және уақтылы ұстап қалу;

осы Кодексте белгіленген банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың міндеттерін атқару;

трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша;

" ;

5 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "салық органдары" деген сөздер "салық қызметі органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) акцизделетін өнімді лицензиялау, өндіру мен оның айналымы ережелері мен шарттарын сақтау." ;

160) 535-баптың 1-1-тармақшасы алынып тасталсын;

161) 536-баптың 5-тармағында "ұзартылған" деген сөзден кейін "және (немесе) тексеруі жүргізетін адамдардың саны өзгерген" деген сөздермен толықтырылсын;

1 6 2) 5 4 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"1)-4)" деген сандар "2)-4)" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сыраны" деген сөздің алдынан "Шарап материалдарды мен" деген сөздермен толықтырылсын ;

"акциз алымы таңбаларымен" деген сөздер "акциз таңбаларымен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақта "акциздік алым таңбаларымен" деген сөздер "акциздік таңбалар" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

163) 550-баптың 1-тармағында:

" , сондай-ақ" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

" , сондай-ақ және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті беруді" деген сөздермен толықтырылсын;

164) 553-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баппен белгіленген тәртіппен және осы Кодекстің 554-бабында айқындалған оның нысаны мен мазмұнын сақтаумен берілген салық төлеушінің шағымы салық органында міндетті түрде ол келіп түскен күні тіркелуге тиіс.";

165) 557-4-баптың 1-тармағында "он бес" деген сөздер "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 ж. 12 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 169-құжат; N 15-16, 224-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 1, 2-құжат; N 6, 73-құжат; N 19-20, 171-құжат):

2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"34-бабының 1-тармағының 7) тармақшасы" деген сөздер алынып тасталсын;

"2004" деген сандар "2005" деген сандармен ауыстырылсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жоятын 34-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы, 57-баптың 1-тармағының 19) тармақшасы;"

2) мынадай мазмұндағы 5-3 баппен толықтырылсын:

"5-3-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдері бойынша кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыруды тоқтата тұру нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешек бойынша Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына тиесілі бюджетке төленетін төлемдер мен міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарын төлеу Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына салықтар мен міндетті сақтандыру жарналары есептелмей олардың өтелуіне қарай жүргізіледі.".

3. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 ж. 13 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 55 - құжат) :

32-баптың бірінші тармағында "егер" деген сөзден кейін "жарғылық капиталға мемлекеттің қатысуымен" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Салық кодексінің 317-бабымен көрсетілген әлеуметтік салық ставкалары міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорына аударымдарды ескере отырып, 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап
б е л г і л е н с і н .

3 - б а п . О с ы З а ң :

2005 жылғы 1 қаңтардан бастан қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 23),
2 4) , 2 5) т а р м а қ ш а л а р ы н ;

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 2)
тармақшасын қоспағанда, 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК